


АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МКҚК «ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ»
Экологиялық және биологиялық бөлімі

«КЕЛІСІЛДІ»

Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары
 Е. Д. Тагильцева
«__» _____ 2025 ж.



«ТАБИҒАТТЫ АЯЛА» ЖАС ЭКОЛОГТАР, ӨЛКЕТАНУШЫЛАР ЖӘНЕ
ТАБИҒАТ СҮЮШІЛЕРДІҢ ҚАЛАЛЫҚ ФОРУМЫ
«Ғылыми көктем» атты экологиялық жобалар және ғылыми-зерттеу
жұмыстарының байқауының конференциясын өткізу
Ережесі

I. Жалпы ережелер

- 1.1. Бұл ережелер экологиялық жобалар және ғылыми-зерттеу жұмыстарының Қалалық конференциясын өткізу тәртібін, оның мақсатын, міндетін анықтайды.
- 1.2. Конференция жасөспірімдерді табиғи энергияны және суды үнемдеуге, өз аймағымыздың экологиялық мәселесіне инновациялық тәсілдерді іздестіруге, зерттеу дағдыларын дамытуға және биоалуантүрлілікті сақтау мәселесін шешуге белсенділігін арттыру мақсатында өткізіледі.
- 1.3. Конференцияның негізгі міндеттері:
 - жас өспірімдердің экологиялық білімін көтеру;
 - мектеп оқушыларын экологиялық мәселелерді зерттеуге, қоршаған ортаның құбылыстарына және нысандарына қамқорлықпен қарауға баулу;
 - энергия және суды үнемдеу мәселесін өзектендіру;
 - экологиялық тәрбие және білім берудің пәрменді түрі ретінде балалардың табиғатты қорғау қозғалысын қолдау болып саналады.
- 1.4. Конференция Алматы қаласының Білім Басқармасы ШЖҚ «Оқушылар сарайы» МКК Экология–биологиялық бөлімінде, Щепкин көшесі, 27 мекен – жайында өтеді.

II. Байқауға қатысушылар

- 2.1. Конференцияға 7-11 сынып оқушылары (жеке – жеке) қатыса алады.

III. Конференцияны өткізу уақыты, орны және тәртібі

- 3.1. Конференция **4.04.2025 жылы сағат 10.00-де** - қазақ тілді мектептер үшін, **5.04.2025 жылы сағат 10.00-де** – орыс тілді мектептер үшін, МКҚК «Оқушылар сарайының» Экологиялық – биологиялық бөлімінде өткізіледі.

Байланыс телефондары: 309-75-99, 8 7474016050.

- 3.2. Қатысу үшін өтініш **2025 жылдың 1 сәуіріне** дейін қабылданады.

Өтінім үлгісі:

№	Қатысушының Аты-жөні	Туған жылы	Сынып, мектеп	Жұмыстың атауы	Жұмыстың жетекшісі	Байланыс телефоны
---	----------------------	------------	---------------	----------------	--------------------	-------------------

Өтінім үлгісінде білім беру мекемесінің мөрі мен басшысының қолы болуы МІНДЕТТІ.

3.3. Конференцияға тек ғылыми -зерттеу жұмыстары мен жобаларын қорғауға рұқсат етіледі. Рефератты сипаттағы жұмыстар қабылданбайды. Қойылған талапқа сай емес жұмыстар қаралмайды.

3.4. Жұмысты қорғау уақыты 7 минут (макеттер, модельдер, видео, слайдтарды пайдаланып). Жұмысты қорғау кезінде зерттеуге деген шығармашылық тұрғыдағы көзқарасы, берілген сұраққа толық жауап беруі бағаланады.

3.5. Конференцияны ұйымдастырушылар жоғарыда көрсетілген ережеге сәйкес келмеген кез келген жұмысты қабылдамауға немесе тексеруге қабылданған жұмысты кері қайтаруға құқылы.

3.6. Конференцияны ұйымдастырушылар байқауға тапсырылған жұмыстар мен олардың кейбір үзінділерін Экология–биологиялық бөлімінің сайтына шығаруға, әр түрлі тақырыптағы іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге пайдалануға құқылы.

3.7. Жұмыстарды сараптамадан өткізу үшін мына e-mail-ға жіберу керек: **naturalist2011@mail.ru**

IV. Жұмыстың мазмұны және рәсімдеу

4.1. Байқау келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

а) жасыл қала- қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған технологиялар;
(1 қатысушы);

б) болашаққа көзқарас-экологиялық білім беру жобалары, волонтерлік жобалар, қоғамдық ұйымдардың қызметі (1 қатысушы);

в) инновациялық экологиялық бизнес-идеялар - тұрақты бизнесті дамытуға, экологиялық таза технологияларды құруға және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бастамалар (1 қатысушы).

г) жануарлар әлемі-зоология бойынша жобалар, омыртқалы және омыртқасыз жануарлар экологиясы, жануарларды қолда ұстау және көбейту бойынша жобалар. (2 қатысушыдан артық емес). Бұл номинацияны **ҒЖБМ ҒК «ЗООЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ»** өткізеді.

Бағалаудың критерийлері: Зерттеу мәселесінің өзектілігі мен жаңалығы, жүргізілген зерттеудегі мәселенің қамтылу тереңдігі мен көлемі, қойылған міндеттердің нәтижелері, зерттеудің маңыздылығы, автордың тақырыпты өз бетімен зерттеу дәрежесі, шешендік шеберлілік.

4.2. Жұмыстар қазақ немесе орыс тілінде тапсырылады. Жұмыстың көлемі 20 беттен аспауы керек. Жұмыс беттері міндетті түрде нөмірленіп, шеткі сызық сақталуы тиіс.

4.3. Әрбір жұмыста жетекшінің пікірі және маманның пікір сарабы бірге жүру керек. Онда тандаған тақырыптың мақсаттылығы, автордың жұмысқа қосқан жеке үлесі, кемшілігі мен құндылықтары көрсетіледі.

4.4. Жұмысты жасаған кезде қойылатын талаптар:

1) Жұмыстың мәтіні компьютерде басылып шығуы керек (TimesNewRoman, 14 қаріп, арақашықтығы 1,5 сол жағына жылжуы - 3 см, жоғары және төменгі жағы – 2,5 см (сәнді рамкаларсыз және сәнді суреттерсіз) болуы керек:

- сыртқы парағы;

- мазмұны;

- түйіндеме (андатпа) – жұмыстың негізгі ережелерін қазақ немесе орыс тілінде қысқаша мазмұндау (жұмыс қай тілде жазылғандығына байланысты);

- кіріспеде – жұмыстың жүргізілген орны, оның мақсаты мен міндеті, өзектілігі көрсетіледі және тақырыпты тандауын негіздейді;

-зерттеу мәселесі бойынша әдеби мәліметтерді қысқаша сараптау(отандық және шет елдік) әдебиеттерге шолу қоса кіреді;

- негізгі бөлімде: зерттеу материалдары және әдістері; тәжірибе жасау бөлімі, жұмыстың нәтижесі және оларды талқылау;
- қорытынды (тұжырым, ұсыныс);
- пайдаланған әдебиеттер тізімі.

2) сыртқы бетінде көрсетіледі:

- жұмыстың жасалған жері, ұйымның толық атауы;
- жұмыстың тақырыбы;
- номинациясы
- орындаушы (аты-жөні, тегі, сыныбы, мектебі, ауданы)
- жұмыстың жетекшісі (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны);
- жұмысты орындаған жылы.

4.5. Қатысушыға жұмысын қорғау кезінде көрнекі материалдарды: бейне және электронды материалдар, кескіндер, суреттер, сұлбалар және т.пайдалануға болады.

V. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау


Жүлделі орынның иегерлері мен оның жетекшілері дипломдармен марапатталады.

Марапаттау уақыты қосымша хабарланады.

Ескерту: Алматы облысының мектеп оқушылары конференцияға офлайн режимде қатыса алады.

Байқауға қатысушы осы Ереженің тәртібін толық және сөзсіз қабыл алуды білдіреді. Осы Ереженің тәртібі орындалмаған жағдайда, қатысушы қатысу құқығынан айырылуы мүмкін. Конференцияның қатысу құқығынан айырылу: ұйымдастырушылармен қазылар алқасымен шиеленісу, байқаудың беделіне нұсқан келтіруі мүмкін болып саналады.

Экологиялық-биологиялық
бөлімінің



Бектаев Б.Ж.